

**Экономикалық Үлтымақтастық Ұйымының тарифтік және тарифтік емес кедергілер бойынша жоғарғы деңгейде сарапшылар тобының төртінші кеңесін өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 5 қыркүйек N 979

Экономикалық Үлтымақтастық Ұйымына (бұдан әрі - ЭЫҰ) мүше елдермен Қазақстан Республикасының сауда-экономикалық ынтымақтастығын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп 2002 жылғы 9-10 қыркүйекте Алматы қаласында ЭЫҰ-ның тарифтік және тарифтік емес кедергілер бойынша жоғарғы деңгейде сарапшылар тобының төртінші кеңесін (бұдан әрі - Кеңес) өткізсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Кеңесті дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын орындауды қамтамасыз етсін;

Кеңесті өткізу үшін, оның ішінде шетелдік делегацияның қонақ үйде тұруына 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 912000 (тоғыз жүз он екі мың) теңге сомасында қаражат бөлсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі